

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы
«Геологиялық барлау колледжі» КМҚК

Базалық (тірек) конспекттер

«Философия негіздері» пәні бойынша

- 0701000** – «Геологиялық түсірім, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау»
0702000 – «Пайдалы қазба кенорындарын барлау техникасы және технологиясы»
0703000 – «Гидрогеология және инженерлі геология»
0704000- « Пайдалы қазба кенорындарын барлау және іздеудің геофизикалық әдістері»
1514000 –«Экология және кенді пайдалану облысында табиғи ресурстарды тиімді пайдалану»
мамандықтарына арналған

Дайындаған оқытушы

Омарбекова Ж.С.

Әлеуметтік-экономикалық пән
бірлестігінің отырысында қаралды

Хаттама № 4 дан «4» XII 2019ж.

ПБ төрағасы Жумадилов Б.Ш.



Семей қ.

Базалық (тірек) конспекттер 2018 жылы бекітілген оқыту жұмыс жоспарына және 2019 жылы бекітілген оқыту жұмыс бағдарламаларына сай құралған.

Қолдану үшін оқу бөлімімен ұсынылған.

ОЖ бойынша директор орынбасары  Минаева Н.Т.



Міндетті бақылау жұмыстарының саны - 1
Қортынды бақылау - сынақ

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы
«Геологиялық барлау колледжі» КМҚК

**Базалық (тірек)
конспекттер**

«Философия негіздері» пәні бойынша

0701000 – «Геологиялық түсірім, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау»

0702000 – «Пайдалы қазба кенорындарын барлау техникасы және технологиясы»

0703000 – «Гидрогеология және инженерлі геология»

0704000- «Пайдалы қазба кенорындарын барлау және іздеудің геофизикалық әдістері»

1514000 –«Экология және кенді пайдалану облысында табиғи ресурстарды тиімді пайдалану» мамандықтарына арналған

Дайындаған оқытушы

Омарбекова Ж.С.

Әлеуметтік-экономикалық пән

бірлестігінің отырысында қаралды

Хаттама № __ дан «__» _____ 2019ж.

ПБ төрағасы Жумадилов Б.Ш.

Семей қ.

Базалық (тірек) конспекттер 20__ жылы бекітілген оқыту жұмыс жоспарына және 20__ жылы бекітілген оқыту жұмыс бағдарламаларына сай құралған.

Қолдану үшін оқу бөлімімен ұсынылған.

ОЖ бойынша директор орынбасары _____ Минаева Н.Т.

Міндетті бақылау жұмыстарының саны - 1

Қортынды бақылау - сынақ

Мазмұны

№ р/с	Тараулар мен тақырыптардың атауы	Бет
1	Кіріспе.Адамның қоғамдық тағаты	4
2	Философия және оның қоғам өміріндегі ролі.	6
3	Философияның тарихи типтері.	9
4	Антик философиясы,орта ғасыр философиясы,Қайта өрлеу дәуірінің философиясы.Жаңа дәуір философиясы.	11
5	Отандық философиялық ойлар.Қазақ ойшылдарының философиялық көзқарастар.	13
6	Материя және сана.	15
7	Материя мен сананың ара қатынасы.	17
8	Диалектика және оған баламалар.	18
9	Қоғамның философиялық түсінігі.	20
10	Таным теориясы.	22
11	Эмпиризм және рационализм.	24
12	Қоғамдық сана және оның формаларының көп түрлілігі.	25
13	Адам болмысы - философия проблемасы ретінде.	27
14	Жеке тұлғалық. Бостандығы және жауапкершілігі	29
15	Адамзаттың болашағы.	31
16	Философияның адамгершілік мәселелер.	33
17	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	36

Тақырып №1: Кіріспе. Адамның қоғамдық табиғаты

Жоспар:

1 Адам.

2 Адам туралы түсініктер

Адам - қайшылықты пенде. Оның, бір жағынан, - денесі, екінші жағынан, сана, рухы бар екенін әркім біледі. Оған да басқа тіршіліктерге сияқты су, ауа, жылу, қоректену, ұрпақ жалғастыру т.с.с. қажет. Сонымен қатар ол дүние жөнінде ойланады, өмірде өз орнын іздейді, шаттанады, қайғырады, сүйеді, жек көреді т.с.с. Жаңа дәуірдегі философияда тұжырымда адамның дене құрылысының ерекшеліктері асыра бағаланып, олар оның ішкі мән-мағынасын анықтайды деген пікір қалыптасқан. Оған нәсілшілдік, әлеуметтік-дарвинизм, әлеуметтік биология бағыттары жатады.

Нәсілшілдікке келер болсақ, оның тарихи пайда болған ең біріншісі - ақ түсті адамдарды асыра бағалап, қалғандардың бәрін -артта қалған, табиғи дарындары мен қабілеттері төмен, - деп түсінеді.

Қара нәсілшілдік отарланған Африка континенті халықтары өз бостандығын алғаннан кейін, олардың ұлттық сана-сезімі өсуімен байланысты «негритюд» сияқты ілімдерде кездеседі. Ол қара адамдардың дүниені ақыл-оймен емес, сезім, инстинкт арқылы терең игеруі, әуендегі ритм мен спортқа деген басқалардан гөрі қабілеттерінің молдығы т.с.с. мақтан етеді.

Сары нәсілшілдік те ақтарды «піспеген», қараларды «күйіп кеткенге» теңейді.

Өткен ғасырдың басында Чезаре Ломброзо деген итальяндық психиатр, антрополог түрмедегі адамдардың дене құрылысын зерттей келе, қылмысқа баратын адамдардың биологиялық табиғаты қазіргі адамның деңгейінен төмен болуымен байланысты,- деген пікір айтқан болатын.

Әлеуметтік дарвинизм бағыты да қоғам өмірін адамдардың өмір сүру үшін күресінен, табиғи тандау, тұқым қушылықтан көреді, яғни биологиялық эволюционизм заңдылықтарын қоғамға таңады.

Социобиологияға келер болсақ, олар жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жануарлардың да әлеуметтік қасиеттерінің бар екенін айтады. Мысалы, жануарлардың альтруистік инстинктері (баласын қорғап қалу жолында өз өмірін беруге дайындығы, оған деген қамқорлығы, үйір шеңберіндегі өзара көмек беру т.с.с.)

Бүгінгі таңдағы ғылымда адамның дене ретіндегі өмір сүруі биологиялық заңдарға тәуелді. Күнбе-күнгі өмірімізде адамдардың табиғат өзгерістеріне тәуелді екенін емші болмасақ та байқауға болады (ауа қысымының өзгеруі, геомагниттік дауылдар, күн сәулесінің күшеюі т.с.с. табиғи құбылыстардың адамға тигізетін ықпалы). Адамның өмір сатылары да биологиялық заңдарға тәуелді (өмірге келу, балалық, жастық шақтар, ересек өмір, кәрілік, дүниеден озу). Әрбір адамның тарихтағы қайталанбастығы да оның әке-шешесі арқылы берілген генетикалық ерекшелігінде жатқанын мойындамасқа болмайды.

Адамзаттың ғылыми-техникалық орасан зор қарқынмен дамуы бүгінгі таңда адам өміріне бұрын-соңды болмаған қауіп-қатерлерді тудыруда. Бірінші күрделі мәселе - жантүршігерлік күші бар соғыс қару-жарақтарының жыл сайын жаңа түрлерінің пайда болуында.

Екінші үлкен қауіп - экологиялық апаттың бүкіл жер бетінде етек алып кету мүмкіндігі. Өйткені лас ауа мен суға қоятын мемлекеттік шекара жоқ!! Бүгін адам өмір сүруінің екі жағы бір-біріне қайшы келді. Бір жағынан, біз Табиғаттың ажырамас бөлігіміз, Ол - біздің арғы анамыз.

Табиғаттың байлығы шексіз, одан қаншалықты алсаң да азаймайды деген бұрынғы заманда қалыптасқан пікір жалған болып шықты. Табиғат алдымыздағы жатқан «айнала қоршаған орта» ғана емес, ол біртұтас орасан зор организм, «Үлкен Жүйе», оның ішіндегі барлық элементтер бір-бірімен миллиардтаған жылдардың ішінде тиімді байланыс құрды. Адамзаттың өзі осы жүйенің ішінде белгілі бір орын алады. Сондықтан адамзат ғылым мен техниканы пайдаланудың жаңа стратегиясын жасамай, өз-өзін құртып алуы мүмкін.

Дүниенің тез қарқынмен дамуы адамды өз ұлтының әдет-ғұрыптарынан айырып, басқа мәдени үлгілерді игеруге, «ол жақта, я болмаса бұл жақта да емес» маргиналдық ахуалға әкелетінін бүгінгі таңдағы реформа барысында көріп жүрміз.

Енді мәселені нақтылай түсіп, бүгінгі таңдағы Қазақстан қоғамын адами тұрғыдан талдасақ, біздің мемлекеттің бұл мәселеге көп көңіл бөліп жатқанын байқаймыз. Негізгі жетістік - адамдардың қоғам өмірінің қай саласы болмасын, белсенділік көрсетуіне, яғни олардың өз ынтасының арқасында дамуына жол ашылды. Тәуелсіздік алғаннан бері біздің елде қаншама жастар өнер, білім, спорт, саясат, экономика салаларында шығармашылық деңгейге көтеріліп, өз мүмкіндіктерін өмірде іске асырып жатыр! Десек те, істейтін нәрселер әлі - шаш етектен. Ең алдымен елде етек алып кеткен туберкулез, гепатит сияқты «әлеуметтік ауруларды» алсақ, ішетін суды, ауаны тазартпай, жейтін тамақты күшейтпей, оларды жеңе алмаймыз.

Қорыта келе, адамның биологиялық және әлеуметтік жақтарын ажыратпай, бір-бірімен байланыстырып қарау керектігін баса айтуымыз қажет.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Адам дегеніміз не?
- 2 Адамның ерекшелігі неде?
- 3 Адам және оның өлшемдері?
- 4 Табиғат және адам?

Тақырып №2 : «Философия және оның қоғамдағы ролі».

Жоспар:

1 Философия дербес ғылым ретінде.

2 Философияның қоғам өміріндегі ролі

Білікті маман, зерделі азамат болып өсіп шығуға, ертең Тәуелсіз Қазақстанның экономикасына үлесін қосып, ел тағдырын шешуге, қоғам дамуының жауапкершілігін мойнына алуға ұмтылған әрбір жас үшін философия пәнін оқып-үйрену өте қажет.

Философияның басты ерекшелігі әлемді, бүкіл дүниені тұтас қарастырады, оның ішкі байланысын, жалпы даму заңдылықтарын зерттейді. Яғни, ол - дүниетанымдық ғылыми жүйе болып табылады.

Сондықтан философияның маңызын, құрылымын, пәнін тереңдеп білу үшін, ең әуелі, оның дүниетаныммен байланысын, арақатынасын қарастырып көрелік.

Дүниетаным, дүниеге көзқарас дегеніміз-айнала қоршаған орта, бүкіл әлем, тұтас дүние туралы, ондағы адамның орны, тіршіліктің мән-мағынасы туралы көзқарастардың, пікірлер мен түсініктердің жүйеленген жиынтығы.

Дүниеге көзқарас адам қоғамымен бірге пайда болған қоғамдық тарихи құбылыс. Оның шығуының қайнар көзі-өмірдің өзі, адамның тіршілік болмысы.

Дүниеге көзқарастың негізгі ұғымдары –«дүние» және «адам». Олар ажырамас бірлікте. Яғни адамнан бөлектенген дүние және табиғат, сондай-ақ сыртқы дүниемен салыстырылмаған адамның іс-әрекеті, ішкі рухани өмірі, әрқайсысы өз бетінше дүниетанымды құрай алмайды. Дүниеге қатынасы арқылы адам өзінің тағдыры мен өмірлік позициясы, сүйіспеншілігі мен сенімі туралы белгілі бір көзқарастар аумағын кеңейтеді. Адам мен дүние арақатынастары бір-бірімен жаңа байланыста қаралған сайын, сыртқы материалдық әлем және ішкі рухани дүние туралы түсініктер тиянақталынады.

Осыдан келіп дүниеге көзқараста, біріншіден, әлем, табиғат және қоғам туралы, олардың бірлігі туралы, екіншіден, адам және оның дүниедегі орны туралы, үшіншіден, болмыс пен болашақтың мән-жайы туралы көңілге қонымды түсініктер қалыптаса бастайды.

Дүниетанымның тұтастығын құрастыратын негіз-білім. Білім адамның көкірегіне қоныс теуіп, санасына ұялап, оның өмір тәжірибесінің елегінен өтіп барып, сенімге айналады. Сенім дегеніміз - дүниеге көзқарастың түп қазығы, бағыттаушысы, адамның өз позициясына, тоқыған ойына, істеген

ісіне, ұмтылған мұрат мақсатына деген беріктігі. Сенімі берік адамның көзқарасы, дүниетанымы нақты, ісі қонымды, бағыты қашан да айқын.

Дүниеге көзқарастың қалыптасуы табиғи, әлеуметтік және нақты мәдени ортаға тәуелді. Дүниеге көзқарасты ғылыми және ғылыми емес, қарапайым деп бөлуге болады.

Сөйтіп, қарапайым дүниетанымда мифологиялық, діни, және ғылыми көзқарастар, материалистік және идеалистік ағымдар араласып жатады.

Ал тарихи тұрғыдан алғанда дүниеге көзқарастың мифологиялық, діни, натурфилософиялық және философиялық түрлері қалыптасты.

Ежелгі дәуір мәдениетінің дүниетанымы- миф.

Миф -алғашқы қауым адамына тән ойлаудың бірінші бөлінбеген формасы. Мұнда поэзия мен ғылымның, дін мен моральдың, рационалды әсердің элементтері бар. Ежелгі миф-аңыздар алғашқы адамдардың тіршілігінің маңызды белгісіндей, олардың символдық (рәміздік) мазмұны арқылы адамзат қоршаған ортаны және уақытты әрі игерді, әрі түсінді.

Кейін Құдай адамдарға кітап (Құран, Библия) «сыйлаған» соң, мифологиялық дүниетанымды дін мен философия ығыстырды.

Діни негіздегі дүние көзқарасы мифологиялық сананың табиғи жалғасы. Діни дүниетаным табиғаттан тыс, құдіретті күшке адамның мүлтіксіз бағынуын уағыздайды. Адам санасында табиғи құбылыстардың бұрмаланған бейнесін туғызады, оны табиғатты өзгерту мүмкіндігінен шеттеуге бейімдейді. Дін объективтік шындықты адам басында бұрмалап, фантастикалық түрде бейнелейді. Діни қағидаларға қарағанда дүниеде қандай бір құбылыс болмасын оның тікелей тірегі, қозғаушысы өмірден тыс тұрған және оны жаратушы күш (құдірет) екені. Ең бірінші діндер политеистік болған, діндердің ең жоғарғы сатысы таптық қоғамдарда пайда болып, содан бері келе жатқан монотеистік сенім. Үш ірі дүниежүзілік дін бар: буддизм, христиан, ислам діндері. Діннің пайда болуы ертедегі қауымдық адамдардың дүниетаным қабілеттерінің өте төмен болып, табиғат құбылыстарының

сырын түсіне алмай, түрлі жағдайлардың себептерін рухани күш-құдіретке балағанын көрсетеді.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Философия дегеніміз не?
- 2 Философияның басты мақсаттары?
- 3 Философияның қоғамдағы ролі?
- 4 Философия дербес ғылым ретінде?
- 5 Қандай ежелгі философтарды білесіңдер?
- 6 Ежелгі философияның ерекшелігі неде?

Тақырып №3 : «Философияның тарихи типтері.»

Жоспар:

- 1. Философияның үш ірі ошағы.**
- 2. Тұрпайы философия**

Философия тарихын зерттеудің басты мәселесі-тарихта өткен философтардың ой-пікірлерін, тұжырымдары мен айқындамаларын белгілі бір білімдік жүйеге лайықтап, осы заманға бұрмаламай жеткізу.

Философияның үш ірі ошағы: Қытай, Үнді, Греция.

Ежелгі Үнді философиясы.

Біздің жыл санауымыздан үш мыңдай жыл бұрын Ежелгі Үнді жерінде қауымдық қоғам ыдырап, оның орнына құлдық қоғам қалыптаса бастады. Осыған орай ежелгі үнді қоғамы төрт варнаға (каста) бөлінді. Олар: брахмандар (абыздар), кшатрийлер (әскербасылар), вайшьилер (ауқатты шаруалар) және шудралар (құлдар). Әр варна тұйықталған әлеуметтік топ болды да, әрқайсысы қоғамда өзіне тиесілі орын алды және өздеріне ғана тән дәстүрлі мамандықтары болды.

Мысалы, брахмандардың үлесіне-ой еңбегі, кшатрийларға-әскери қызмет, вайшьилерге-ауылшаруашылық, қолөнер кәсібі, саудагерлік тисе, шудраларға-қара жұмыс қана тиді. Ежелгі үнді қоғамның осы даму кезеңіне сай мифологиялық, философиялық көзқарастары да қалыптасты.

Үнді философиясының мақсаттары-адамгершілікке, руханилыққа аса назар аудару, адамның «өзін басқа барлық нәрседен және басқа барлық нәрселерді өзінен» көру, «иога» жаттықтыру, денені машықтандыру.

Ежелгі Қытай философиясы.

Ежелгі Қытайдың қола дәуірінен темір дәуіріне өтуіне бйланысты ауылшарушылығы мен қала тұрғындарының еңбектерінің бөлінуіне, әртүрлі сатыдағы әлеуметтік топтардың пайда болуына әкеліп соқтырды.

Б.д.д үшінші ғасырдың аяғында пайда болған Ежелгі Қытай философиясы кейінірек негізі алты философиялық бағытқа-мектептерге бөлінді. Олар: конфуцийшілдық, моизм, заң мектебі (легистер), даосизм, тұрпайы философтар (натурфилософия) және Атаулар мектебі.

Конфуцийшілдық. Бұл философиялық ағымның пайда болуы және қалыптасуы. Кун-фу-цзының ілімінше, ең жоғары жаратушы күш-аспан. Ол жерде әділеттілік болуын қадағалап отырады.

Моизм б.д.д. 480-400жж. Бұл ағымның негізін қалаушы Мо-цзы. Оның пайымдауы әлемге деген сүйіспеншілік. Ол мемлекетті басқару орны ұрпақтан ұрпаққа берілмей, халық сол елдегі ең ақылды адамды сайлау керек деген тұжырым айтқан алғашқы адам.

Конфуцийлік б.д.д. I ғ. Мемлекеттік ілімге, ал IX ғасырдан бастап Қытайдағы негізгі діни көзқарасқа айналды.

Легистер (заңгерлер)- негізгі өкілдер: Олардың пікірінше, мемлекетті тек қана заңға сүйеніп басқаруға болады. Елде тәртіпсіздік болмас үшін: 1. Мақтаудан жазалау көп болу керек; 2. Аямай жазалау арқылы халық арасында үрейді тудыру қажет; 3. Ұсақ қылмыс жасағандарды аямай жазалау керек, сонда олар үлкен қылмыс жасамайтын болады; 4. Адамдар арасында бір-біріне сенімсіздік тудыру керек.

Даосизм(VI -V ғғ.б.д.д.) Бұл ілімнің негізін қалаушы Лао-цзы. Даосизм ілімі “дао” ұғымына негізделген. Егер басқа қытайлық философиялық ағымдарда “дао” “жол” деген мағына берсе, және ол Қытайдың дамуымен әдептілікті жетілдірудегі негізгі ұғым болса, даосизмде “дао”-жалпы дүниетанымдық

ұғым. “Дао”-алғашқы бастама. Алғашқы түпнегіз және Қытайдағы, Жердегі және Әлемдегі барлық құбылыстардың, денелердің бірлігі, соңғы сатысы.

Әлемдегі денелерде аспан (ян-еркек) мен жер (инь-әйел) бастамалары заттардың өмір сүру заңы (цу) арқасында гармониялық бірлікте болады.

Атаулар мектебі заттармен құбылыстардың тілде бейнелену сәйкестігіне аса назар аударды.

Тұрпайы философия (натурфилософия)-ағылшын тілінен аударғанда табиғат дегенді білдіреді. Бұл табиғи заңдылықтардың барлығын қамтитын жүйе.

Бақылау сұрақтары:

1. Философияның ірі ошақтарды атандар
2. Классикалық неміс философиясы туралы не айтуға болады?
3. Еуропа ойшылдар орыс философиясына қалай әсеретті?

Тақырып №4: Антик философиясы. орта ғасыр философиясы. Қайта өрлеу дәуірінің философиясы. Жаңа дәуір философиясы.

Жоспар:

1. **Антика заманының философиясы.**
2. **Орта ғасырлық философиясы.**
3. **Орта Азия халықтарының философиясы.**
4. **Қайта Өрлеу дәуірінің философиясы.**
5. **Жаңа заман философиясы.**

1. Антика заманының философиясы (б.д.д. VII -VI ғғ.)

Аталған дәуірлерде Эллада полистерінде (қала-мемлекет) қолөнер, сауда, ақшалай-заттық қатынастар жоғары қарқында дамып, осы себептердің негізінде өзіндік талап-мүдделерді ерекшеленген әлеуметтік топтар пайда болды. Осы себептер ой еңбегі мен дене еңбегінің бөлінуіне, осы негізде таза зиялылар қауымының пайда болуына, әртүрлі әлеуметтік топтардың талап-мүдделеріне сай саяси-әлеуметтік, философиялық көзқарастардың қоғамдық сана ретінде қалыптасуына әкеліп соқтырды.

Антикалық дүниетанымдық көзқарас өз кезеңіндегі ғылыми жетістіктерге сүйене, өзінің логикалық, категориялық аппараттарын жетілдіре отырып, философияның көзқарастық және рационалдық-жүйелілік жақтарын тығыз байланыстыра қарастырып, алғашқы философиялық ой-пікірдің қалыптасып, кейінірек келе оның классикалық деңгейге дейін көтерілуіне мүмкіндік туғызды.

2. Орта ғасырлық философия.

Құлиеленушілік қоғам күйреп, оның орнына Батыс Европа елдерінің қай-қайсысында да феодалдық қоғамдық қатынастар қалыптасып, христиан дінінің кең етек алған кезеңі болатын. Бұл кезеңде христиан дінін қоғамдық өмірдің барлық салаларында қолданып, қолжазбалар сақтау ісінің ошағына айналдырған мезгіл болатын. Осы жағдайда философия өзінің барлық ақыл-ой, күшін христиан догматтарын негіздеуге жұмсап, дін ілімінің күңіне айналған-ды.

3. Орта Азия халықтарының философиясы.

Орта ғасырлық Шығыста VIII-IX ғасырларда Батыс Еуропаның мәдениеттік даму деңгейі төмен дәрежеде қалып қойған кезде араб тілді философия, араб мәдениеті кең өркен жайды. Ол ислам дінінің пайда болуымен де байланысты болды.

Қазақ жерінен, оның ішінде Отырар қаласынан шыққан атақты математик, әрі философ Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлаг әл-Фараби ат-Түрки - әлі Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған данышпан ойшылдың толық есімі осындай. Әл-Фарабидің пікірінше, материалдық дүние алты табиғи денеден немесе элементтерден (қарапайым элементтерден, минералдардан, өсімдіктерден, жануарлардан, адамдардан және әлемдік денелерден) тұрады

Жалпы алғанда, әл-Фараби – Шығыс мәдениетінің алып тұлғасы, ол дүниежүзілік өркениетте өзінің қадірлі орнын алады. Оның рухани мұрасы өзінің ұлы ізбасарлары Ибн-Синаға, Бируниге, Жүсіп Баласағұнға және т.б. суалмайтын қайнар болды.

4. Қайта Өрлеу дәуірінің философиясы.

XV ғасырдың аяғында өндірістің, сауданың, әскери құралдың жедел қарқынымен өсуі техниканың, табиғаттану ғылымдарының, математиканың, механиканың дамуына себепші болды. Қолөнер өндірісінен машина өндіріске өту басталды. Капиталистік өндірістік қатынастардың одан әрі дамуы XV ғ. аяғы мен XVI ғ. басында ұлы географиялық жаңалықтардың ашылуына алып келді.

5. Жаңа заман философиясы.

Жаңа заман философиясы мен мәдениетінің дамуына Ренессанс (Жаңғыру) үлкен ықпалын тигізді. Ренессанс дәуірінде білімнің қарқынды дамуы, антик мәдениетін қайта жаңғырту, жаратылыстанымдық ғылымдардың пайда болуы сияқты құбылыстар орын алды. XVI -XVII ғ.ғ. XVII - ғы материализм механистік және метафизикалық сипатта болды, өйткені ол кездегі ең дамыған ғылымдар механика мен математика еді. Сондықтан философияның ғылымға қатынасын анықтау көптеген философтардың маңызды міндетіне айналды.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Философия антика кезінде?
- 2 Антикалақ философияның басты көзқарастары?
- 3 Ортағасырлық философияда қандай өзгерістер пайда болды?
- 4 Коперник,Бруно,Кузанский ойшылдардың көзқарастары неде болды?
- 5 Классикалық неміс философиясы туралы не айтуға болады?

Тақырып №5: Отандық философиялық ойлар.Қазақ ойшылдарының философиялық көзқарастары.

Жоспар:

- 1) XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының дүниетанымдық көзқарасы.
- 2) Ш.Уалиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсаринның көзқарастары.

Қазақ философиясында басқа халықтар тәрізді Әлем мен Адам екі дүниенің сырын ашуға ұмтылған. Көк аспанның сырын ашуға талпынған. Нәтижесінде дүние туралы түсінігі, көзқарасы қалыптасқан. Адам бойындағы небір тылсым күштерді де тануға ұмтылған. Қазақ халқы басқа еуропа халықтары сияқты табиғатты өзгертуге немесе оған үстемдік етуді мақсат етіп қоймаған. Керісінше, табиғатқа бейімделіп, онымен гармониялық қатынас орнатуды мақсат тұтқан. Қазіргі заман тілімен айтқанда, көшпенді қазақтардың экологиялық санасы биік болған.

Басқа халықтардың философиясы сияқты Отандық философия да өз қайнар көзін көне аңыздар мен дастандар, ертегілерден бастайды.

Дүние негізінен: жер, су, от, ауадан тұрады. Ол неше түрлі қайшылыққа толы: жер мен күн, өмір мен өлім, адам мен табиғат, бақ, құт пен зардап, жарық пен қараңғы, жылы мен суық т.с.с. Аспанға көз жіберген ежелгі түрік бабаларымыз оны Тәңір Жаратқан әлеміне жатқызған.

XV-XVIII ғ.ғ. философиялық ой - толғамдар негізінен жыраулық түрде дамыды.

Қазақ халқының ақын-жырауларының ішінен Сыпыра жырауды, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Марғасқа, Ақтамберді, Бұқар жырауларды атауға болады. Қазақ халқының тарихында XIX ғасыр ерекше орын алады. Бұл ғасыр қазақ мәдениетінде «ағартушылық философия» деп аталады. Қазақ ағартушылық философиясының көрнекті өкілдері: Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев.

Ш.Уалиханов— ұлтының ұлылығын әлемге әйгілеген ұлы ғалым. Бабаларымыздың өсиетнамасын, елін, жерін, тілін сақтауға алтын арқау, аялы өзек болған фольклорды қадір тұтты. Ол «Ер Едіге» жырының үш нұсқасын өзара салыстырып, жаңа нұсқасын жасаған кезде Шоқан небәрі жеті жаста еді. «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырын да сол кезде қағаз бетіне түсірген. Ш.Уәлихановтың «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы», «Сахарадағы мұсылмандық жөнінде», «Тәңір (құдай)» деген еңбектерінде философияның негізгі мәселесіне қатысты пікірлер айтылады.

Ы.Алтынсарин дүниені жаратушы құдай деп біледі. Бұл ойды ол көптеген шығармаларында қайталап отырады. А.Құнанбаев (1845-1904) қазақ ағартушылығында, қазақ халқының бүкіл ұлағатты мәдениеті тарихында үлкен орын алған ұлы ақын, ойшыл. Оның шығармашылық мұрасы өлең, дастан, философиялық проза, аудармалар мен әндерден тұрады. Ол Құдай - өз заңдары бойынша дамып жататын өлшемнің алғашқы себепшісі деп түсінді. Сонымен бірге көптеген өлеңдерінде, отыз сегізінші сөзінде жан-жануарларды, адамды, тіпті, машина, фабрикаларды алла жаратты деген тұжырым жасайды. «Мен» және «менікі» деген философиялық мәселені қарастырып, өзіндік тұжырымға келеді. Ақынның ойынша «мен» - ақын, жан, «менікі» - адам денесі. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, «менікі» өлсе өлсін, оған бекі» деп, дене өлгенімен жан өлмейді деген қорытындыға келеді. Шәкәрім Құдайбердиевтіңде философиялық тұрғыда жазған шығармалары көп кездеседі.

Бақылау сұрақтары:

- 1) XIX ғасырдың қазақ философиясының ерекшелігі неде?
- 2) Ы.Алтынсаринның адам туралы ой пікірлер?
- 3) Ш.Уалиханов адам мен қоғам туралы не деді?
- 4) А.Құнанбаевтің қара сөздері неменеге немесе кімге арналған?
- 5) Жалпы көзқарастар туралы не айтуға болады?

Тақырып №6: «Материя және сана».

Жоспар:

1. Материя.

2. Сана.

«Материя» деген терминді қолданбаған бірде-бір философиялық мектеп немесе бірде-бір философ жоқ.

Ұзақ тарихи замандарынан бері адамзат ойы материяны зат деп түсінді, яғни материя дегеніміз – зат. Бірақ заттардың саналуан түрлері бар. Жансыз зат, жанды зат т.т.

Мұнан кейін философтар заттай нәрсенің бәрі атомдардан-өзгермейтін және бөлінбейтін, бос кеңістікте мәңгі-бақи қозғалып жүретін өте ұсақ материялық бөлшектерден құралады деген данышпандық болжам айтты. Сонан соң табиғаттың алуан түрлі заттары мен құбылыстарының мәңгі-бақи өмір сүретін жалпы негізін материя деп түсіне бастады. Материя осы кезеңнен бастап-ақ материалистік бағытта бүкіл космостың түпкі негізі, бүкіл әлемнің біртұтастығының шығатын тегі ретінде қаралады.

Жаңа дәуір философиясында (XVII-XVIII ғ.ғ.) қоғамдық өндіріс пен ғылымның дамуы, қоғамдық еңбек бөліністің тереңдеуі материяны механикалық заттармен, дәлірек айтқанда, заттардың механикалық қасиеттерімен теңгеруге жол ашады. Материалистік ой енді материяны заттардың белгілі бір түрімен емес, олардың барлығына тән ортақ қасиеттері мен байланыстыруға бейім.

1909 жылы В.И. Ленинның материяға берген анықтамасы:

« Материя дегеніміз – адамның түйсігі арқылы көшірмесі, суреті, сәулесі түсетін объективтік реалдылықты белгілеу үшін қолданылатын философиялық категория». Адамдар материалдық дүниені қаншалықты дәрежеде игерді, сол игерген мазмұнда, күштерден қаншалықты дәрежеде өзінің әлеуметтік дүниесін жасады – міне материя туралы ең алдымен қоғамдық санада туатын көзқарастар осы жағдайларға байланысты. Адамзат бүгінгі күнге дейінгі тарихында іс жүзінде материяны зат түрінде біледі. Ол заттың әртүрлі қасиеттерін меңгерді, заттан көптеген құралдар жасады т.т., яғни ол заттар дүниесінде тіршілік етеді. Өзі де сол заттар дүниесінің, жанды тіршіліктің бірі.

Материяның алуан түрлілігінің шексіздігін мынадай факті көрсетеді: материя тек зат түрінде ғана емес, сонымен қатар өріс түрінде де (электромагнит өрісі, ядро өрісі, тартылыс өрісі) өмір сүреді.

Сана - материя емес, оны қолға ұстап сындырып, я болмаса ауызға салып дәмін байқап, мұрынға жақындатып иісін анықтауға т.с.с. болмайды. Болмыстық тұрғыдан кең түрде қарағанда, сана -адамның ішкі жан дүниесі,

адам белсенділігінің психикалық деңгейі. Ал оны нақтылай келсек, ол, әрине, адамның ой толғаулары. Бірақ ол онымен бітпейді. Ойлау, рационалдық таным -сананың өзегі болғанмен, оған адамның сезім толқындары да кіреді: адам қуанады, ренжиді, ашуланады, шаттанады, сүйеді, жек көреді т.с.с.

Сана қаншалықты идеалдық құбылыс болғанмен, белгілі бір материалдық негізсіз өмір сүре алмайды. Осы арада психо-физиологиялық мәселе пайда болады.

Бүгінгі деректерге сүйенсек, сананың физиологиялық негізі адамның миында жатыр. Ол, негізінен алғанда, екі жарты шарды құрайды. Оның үсті өте нәзік қабықтан - нейрон клеткаларынан тұрады. Ендеше сана материамен байланысқан күрделі механизм.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Материя дегеніміз не?
- 2 Сана дегеніміз не?
- 3 Материя және сана қандай қарым қатынаста болады?
- 4 Қоршаған орта туралы не айтуға болады?
- 5 Қай ғалымдар осы мәселемен айналасты?

Тақырып №7: Материя мен сананың ара қатынасы.

Жоспар:

1. Қозғалыс, кеңістік пен уақыт.

2. Сана.

Қоғамдағы сана мен материаның ара қатынасына түсініктеме бергенде диалектикалық материализм ілімі қолданылды.

Диалектикалық материализм дүниенің жалғыз ғана негізі бар ол - материя, ал сана дейтініміз осы материяның ерекше жоғары құрылымының туындысы мидың атқаратын қызметінің жемісі, сыртқы дүниенің бейнесі, - деген қағиданы өзінің ірге тасы, түп тұлғасы деп біледі; сондықтан да оны материалистік философия деп атаймыз.

Дүниедегі барлық бұйымдар мен құбылыстардың бір бірімен өзара шексіз қарым қатынаста байланыста болатынын, табиғат пен қоғамның және ойдың

үнемі қозғалыста дамуда болуын, олардың өздеріне тән қайшылықтарының себебінен екендігін диалектикалық материализм мызғымас ақиқат деп есептейді, осыған байланысты оны диалектикалық философия деп атаймыз.

Диалектикалық материализм дүниенің жалғыз ғана негізі бар ол - материя, ал сана дейтініміз осы материяның ерекше жоғары құрылымының туындысы мидың атқаратын қызметінің жемісі, сыртқы дүниенің бейнесі, - деген қағиданы өзінің ірге тасы, түп тұлғасы деп біледі; сондықтан да оны материалистік философия деп атаймыз.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Қозғалыс дегеніміз не?
- 2 Кеңестік түсінігі?
- 3 Уақыт деген термин қандай мағына береді?
- 4 Кеңестік пен уақыттың ерекшеліктері?
- 5 Сана және материя арасындағы байланыс?

Тақырып №8: «Диалектика және оған баламалар».

Жоспар:

1. Дамудың диалектикалық - материалистік теориясы.
2. Диалектиканың тарихи түрлері .
3. Философиялық категориялар дегеніміз не.
4. Диалектиканың негізгі заңдары.

Философияның бір бөлігі болып табылатын диалектика әлемнің дамуының теориялық негіздерін анықтайды. Диалектика дегеніміз-болмыс пен бүкіл әлем дамуының жалпы байланыстары туралы ілім. Онда даму процесі зерттеледі. Философия объективті және субъективті диалектика ұғымдарын қолданады. Ойлау және таным процестері үшін бұл өте маңызды ұғымдар. Объективті диалектика дегеніміз-әлемнің, табиғаттың, объективті дүниенің дамуы, өзгеруі. Ал оның адам санасында бейнеленуінен субъективтік диалектика туындайды. Диалектика зерттейтін маңызды сұрақтардың қатарына: “Даму дегеніміз не?”, “Ол неліктен болады”, “Даму қалай іске асып отырады”, “Даму қайда бағытталған” сияқты маңызды проблемалар

жатады. Диалектика да грек сөзі Грек мәдениеті аясында диалектика сұрақ - жауап арқылы пікір таластыру қабілетін, ұғымдарды саралау, заттарды түрі мен шыққан тегіне қарай ажырату өнерін білдірген. Сонымен қатар, оның қайшылықтар туралы ілім деген анықтамасы да болған.

Диалектикалық дәстүрдің бастауы, негізі Гераклит ілімі деп есептелінеді. Гераклит мәңгілік және өткіншілік, Құдай және адам, өмір және өлім, сабан және алтын сияқты қарама-қарсылықтарды атап көрсеткен.

Диалектиканың негізгі ұғымы - даму. Даму дегеніміз- қозғалыстың, өзгерістің бір көрінісі. Ол көп жақты, ескіден жаңаға, жаңадан ескіге, қарапайымнан күрделіге, күрделіден қарапайымға, төменгіден жоғарыға, жоғарыдан төменге даму болады.

Диалектика кез келген затты оның қасиеттері, саны және сапасы жағынан сипаттайды.

Диалектиканың баламалары

1 Метафизика -сөзбе-сөз алғанда ол “физикадан кейін келетін” деген мағына береді. Ол болмыстың сезімнен тыс тұрған принциптері туралы философиялық “ғылым”; дамуды тек сан өзгерістері жағынан ғана түсінетін және өзіндік дамуды теріске шығаратын, диалектикаға қарама-қарсы философиялық әдіс.

“Метафизика” терминін алғаш қолданған Аристотель. Аристотель оны “алғашқы философия” деп атады; ол барлық ғылымдар үшін міндетті нәрселердің өзгермейтін және сезім мүшелерімен емес, оймен ғана пайымдауға болатын ең жоғарғы бастамаларын зерттейді. Ғылым мен техниканың өріс алуына байланысты 20 ғасырда философиясында Метафизика жаңа идеяларды тудырды. Кибернетика мен генетиканың, ғылыми-техникалық ойдың жедел дамуы әсерінен метафизиканы “қатаң ғылым” ретінде қарастыру қалыптасты.

2 Эклектика – әр түрлі, қарама-қайшы көзқарастардың, теориялық алғышарттардың, саяси бағалардың тоғысуы. Эклектиканың негізгі методология кемшілігі – объективті дүниенің байланыстары мен

қатынастары жиынтығынан заттың, құбылыстың нақты тарихи негізділігін ескеріп, олардың басты байланыстарын ажырата алмаушылық және түрлі көріністерін, қасиеттерін тұрпайы түрде біріктіре салушылық болып табылады. Нақты қызмет, саясат саласында Эклектика қателіктер мен жаңсақтықтарға апарып соқтырады, өйткені ол оқиғалар тізбегіндегі басты буынды табуға, тарихи кезеңдердің неғұрлым көкейкесті міндеттерін шешу үшін шаралар белгілеуге бөгет жасайды.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Диалектика түсінігі?
- 2 Диалектиканың қандай түрлерін білесіндер?
- 3 Философиялық категория дегеніміз не?
- 4 Қазіргі уақытта қандай көзқарастар қалыптасқан?

Тақырып №9. Қоғамның философиялық түсінігі.

Жоспар:

1. Өндіріс тәсілі.

2. Базис пен қондырма.

1. Қоғамдық құбылыстарды, процестерді, тарихты танып-білуде, өзгертуде философия тарихында материализм мен идеализмнің арасында ұдайы қарама-қарсы кескілескен күрестер жүргізіледі. Материализм қоғамды, оның даму заңдарын дұрыс ғылыми тұрғыдан түсіндірмекші болып әрекет жасаса, идеализм, керісінше, ғылымға жат, қоғамдық практикаға сүйенбеген, көбінесе оларды діни тұрғыдан түсіндірмекші болады.

Қоғам дегеніміз адамдар арасындағы экономикалық қатынастар, яғни материалдық игіліктерді өндіру процесінде адамдар арасында қалыптасатын қатынастар. Қоғамдық қатынастар тарихи дамудың барысында өзгеріп, жаңарып отырады.

Қоғамдық болмыс деп - адамдардың қоғамдағы нақтылы еңбегін, іс-қимылын, қызметін, жалпы өмірін, оларды айырбастау, бөлу, тұтыну, тәжірибе алмасуын айтамыз.

Ал қоғамдық сана - қоғамдық болмыстың бейнесі, суреті. Олар бір-бірімен тығыз байланысты. Өндіріс тәсілі - өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың жиынтығы.

2. Өндірістік қатынастар - өзінің жиынтығында қоғамның экономикалық құрылысын, немесе, басқаша айтқанда, қоғамның базисын құрады. «Базис» грекше «негіз» деген сөз. Базис өндіргіш күштердің белгілі бір даму сатысына сәйкес келетін қоғамның экономикалық құрылымы, өндірістік қатынастардың жиынтығы.

Қондырма дегеніміз – қоғамдық психологиялық, саяси, құқықтық, этикалық, эстетикалық, философиялық, діни т.б. көзқарастар мен идеялар және оларға сәйкес келетін мекемелер мен ұйымдардың жиынтығы.

Қондырманың базисті бейнелеу механизмінде экономикалық мүдделер шешуші роль атқарады. Қоғамның экономикалық базисі қандай болса, оның қондырмасы да сондай болады. Қондырма базиске тәуелді болғанмен біршама дербес дамиды.

Қазіргі уақытта біздің тәуелсіз мемлекетіміздегі экономикалық қатынастар өзгерді, біз нарықтық экономикаға көштік (базис өзгерді). Қондырма да өзгере бастады: тоталитарлық жүйеден демократияға көштік, идеологиямыз, көзқарастарымыз да өзгере бастады.

Мысалы: Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы біздің даму стратегиямыздың басты басымдықтарын атап кетті, оларды іске асыру Қазақстанға әлемнің бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарында лайықты орын алуға мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары:

- 1.Базис дегеніміз не?
- 2.Ол қондырмамен қандай байланыста?
- 3.Қоғамның философиялық түсінігі дегеніміз не?
- 4.Қоғамның философиялық түсінігіне әсер ететін факторлары?

Тақырып №10: Таным теориясы

Жоспар:

- 1. Танымды философия қортындысының объекті ретінде тану.**
- 2. Таным субъектісі мен объектісі.**
- 3. Сезімді және рационалды танымның диалектикасы.**

Таным теориясы— философия ғылымының саласы, танымның мәнін, ерекшелігін, әдіс кұрылымын, деңгейін, басқа таным формалармен байланысын зерттейтін ғылыми теория.

Таным адамның практикалық іс-әрекетінің рухани жағы болып табылады. Оның нәтижесінде сыртқы әлемнің идеалды образдары қалыптасып, олар туралы білім пайда болады.

Білім — адамның санасында берілген, өзінің қызметінде шынайы дүниенің заңды байланыстарын идеалды бейнелейтін объективті шындық.

Таным теориясы немесе гносеология (грекше gnosis — білім, таным) — философиямен бірге, оның іргелі бөлімдерінің бірі ретінде пайда болды және қалыптасты. Гносеологиядағы орталық ұғымдарға "таным субъектісі" мен "таным объектісі", "білім", "таным" жатады. Таным субъектісі деп белгілі бір мақсатқа бағытталған танымдық қызметті атқарушыны айтамыз. Ол — бірдеңені танып, білуге тырысушы. Ол адам немесе тұтастай қоғам болуы мүмкін. Таным объектісі деп танымдық қызмет бағытталған нәрсені айтамыз. Демек, ол танылушы, былайша айтқанда, кітап, молекула, атом, адам немесе тұтастай табиғат болуы мүмкін.

Философияда практика деп адамның өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында әлемді немесе оның жекелеген бөліктерін өзгертуге бағытталған іс-әрекетін айтады.

Біріншіден, практика танымның қозғаушы күші, негізі мен бастауы болып табылады. Практиканың нақты сұраныстары танымдық қажеттіліктерді және адамзаттық міндеттерін, тіпті танымның өзін іс-әрекеттің түрі ретінде тудырды.

Екіншіден, практика өзінің сұраныстарымен танымның мақсаты болып табылады. Адамдар алатын білім оларға өмірде пайдалану үшін қажет. Егер де білім практикада қажет болмаса, оның әлеуметтік құндылығы төмендей береді.

Үшіншіден, практика адам білімдері мен көзқарастарының ақиқаттығының өлшемі. Ғылыми болжамдар мен теориялардың нақтылығын практика дәлелдейді, немесе жоққа шығарады.

Таным процесі екі сатыдан тұрады: сезімдік таным және рационалдық таным. Сезімдік таным түрлері: Түйсік; Қабылдау; Елес.

Рационалдық танымның бейнелеу түрлері: Ұғым; Пікір; Ой-тұжырымы.

Түйсіктер объектілердің жекелеген қасиеттерін бейнелейді-қызыл, қатты, тәтті т.б. Қабылдау-затты, құбылысты толық бейнелеу.

Ұғым дегеніміз - шындықтағы заттардың, құбылыстардың өзара байланыстарын жүйелеп жинақтайтын, қорытатын ой.

Ұғымдардың өзара байланысын пікір анықтайды. Пікір-заттар мен құбылыстар туралы айтылатын кез келген сауал, ол бір нәрсені растау не терістеу түрінде болады. Пікір құбылыстардың сан алуан байланыстарын көрсетеді.

Ой-тұжырымы деп бұрынғы қалыптасқан білімнен жаңа білімнің, бұрынғы белгілі ойдан жаңа ойдың шығуын іске асыратын ойлаудың маңызды формасын айтамыз. Ойдан ой туады - деген пікір бекер айтылмаса керек. Белгілі білімдерден белгісіз білімдер ой тұжырымы арқылы өрбіп отырған.

Қорыта келгенде таным-адамның ажырамас, тылсым қасиеттерінің бірі. Өйткені көрсем, білсем деген ниет оны өзі дамыған сайын мазалай береді. Осындай мазасыздық, тынымсыз іздену адам баласын жетілдіре түседі, жетілген сайын ол таным көкжиегін кеңейте, ұлғайта береді.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Таным теориясының объектісі?
- 2 Ақиқат түсінігі?
- 3 Сезімді және рационалды танымдардың айырмашылықтары
- 4 Таным субъектісі деп кімді айтамыз?

Тақырып №11: Эмпиризм және рационализм

Жоспар:

1 Эмпиризм түсінігі.

2 Рационализм және оның ерекшеліктері

Жаңа заман философиясы, деп XVII, XVIII және XIX ғасырларды қамтитын дәуір. Үш ғасыр бұрын адамзат ежелгі дүниемен қоштасып (антика және орта ғасырлар), «адам – ғаламдағы ең мінсіз тіршілік иесі, эволюцияның тәжі, демек – дүниенің қожасы» деп сенген жаңа рухани пікірді бекіткен философия болды. Жаңа заман философиясы даму барысында негізгі екі бағыттан құралды:

1 Рационализм

2 Эмпиризм

Рационализм (лат. Ratio – «сана») – болмыс пен танымның негізгі ақыл-ой деп сенетін философиялық бағыт. Рационализм 3 түрге жіктеледі:

1. Онтологиялық
2. Гносеологиялық
3. Этикалық рационализм

Онтологиялық рационализм бойынша болмыс негізінде ақылды бастама жатыр, яғни болмысты бастаған ақылды.

Осынысымен рационализм – идеализмге ұқсап кеткенімен (мысалы, Платонның «таза идеялары»), басты айырмашылығы материяның (болмысты) идеяға қарағандағы біріншілігін және материяның (болмыстың) өзінде ақыл барын (болуын) мойындауында. Сондықтан, болмыстың қисындылығы мен ақылды ұйымдастырылғандығына сенетін материалистер (Демокрит, Эпикур, т.б.) – рационалистер.

Гносеологиялық рационализмнің басты идеясы – «дүниені танып білетін бірден-бір құрал-адам ақыл-ойы» деген тұжырымда. Сондықтан гносеологиялық рационалистер бір жағынан ортағасырлық геология мен схоластика қарсы шықса, екінші жағынан эмпиристерге оппонент болды. «Білім-күш» девизін ұстанатын эмпиристер таным негізінде сезімділік

тәжірибе жатыр деп сенді. («Сезімде болмаған нәрсе – ақылда болуы мүмкін емес»).

Рационалистердің эмпиристерге қарсы қоятын дәлелдері:

1. ақыл сүзгісінен өткізілмеген сезім немесе тәжірибе танымға негіз бола алмайды;

2. ақыл сезім мен тәжірибенің қатысынсыз-ақ өздігінен жаңа білім мен жаңалық бола алады, ол жаңалықтар кейіннен тәжірибе түрінде дәлелденуі мүмкін.

Эмпиризм - таным негізінде тек сезім мен тәжірибе жатыр деген пікірді жақтайтын философиялық бағыт. XVII ғасырдағы Англияда, одан кейінгі кезеңде АҚШ-та кең тарады. Негізін қалаушы - Фр.Бэкон. Көрнекті өкілдері Т.Гоббс, Дж.Локк, Дж.Дьюн.

Бақылау сұрақтары:

1 Эмпиризм түсінігі?

2 Эмпиризм әдістері дегеніміз не?

3 Рационалды танымның ерекшеліктері?

4 Эмпиризммен рационализмнің арадағы байланысы?

Тақырып №12: Қоғамдық сана және оның формаларының көп түрлілігі.

Жоспар:

1. Қоғамдық және жеке адамның санасы.

2. Қоғамдық сананың түрлері.

Сананың түрлері көп. Ол дара адамдық және қоғамдық, қарапайым және теориялық, ғылыми және ғылымға жат, прогрессивтік және кертартпа болады. Қоғамдық сана - адамдар өмірінің қажетті бір саласы, онсыз ешбір қоғам өмір сүре алмайды.

Қоғамдық сана көпшіліктің рухани құралына айналған сана, мәселен, канатты сөздер, мақал-мәтелдер т.б. Қоғамдық сана дегеніміз - қоғамның рухани өмірі, яғни адамдардың қоғамдық өмірін бейнелейтін олардың саяси, құқықтық, адамгершілік, ғылыми, философиялық, эстетикалық идеялары,

көзқарастары мен теориялары, діни түсініктері, дағдылары мен әдет-ғұрыптары.

Қоғамдық санамен қатар әр адамның жеке санасы болады. Түрлі тарихи жағдайлар, экономикалық, таптық, саяси, әлеуметтік проблемалар жеке санаға әсер етеді. Жекелік сана өзінің көлемі жағынан қоғамдық санадан тар. Жеке сана әрбір адамның өміріне, мінезіне, біліміне, тәрбиесіне байланысты қалыптасады. Ол сол адамның дүниеге келуіне, өсіп жетілуіне, дүние салуына сәйкес өмір сүреді.

Қоғамдық сананы да жеке адамдар жасайды. Біреудің досына жазған хаты, арызы жеке санаға жатады. Ал егер сол хатта үлкен бір теориялық мәселе қозғалса, ол қоғамдық санаға жатады. Мысалы, Қайрат Рысқұлбековтың үйіне жазған хаты, оның көзқарастары қоғамдық санаға айналды, Қазақстан тарихында мәңгі қалды.

Қоғамдық сана қарапайым және теориялық саналардың диалектикалық бірлігін құрайды.

Қарапайым сана күнделікті өмірден, ғасырлар бойы қайталаудан, әдет-ғұрыптан, үйреншікті жағдайдан пайда болады. Ол қоғамдық сананың төменгі түрі. Оның күрделі құрылымы да жоқ. Бірақ қарапайым сананы да басында сақтайтын, бірден бірге тарататын халық.

Бұдан жоғары тұрған-теориялық сана. Оны жасайтындар да, тарататындар да белгілі дайындығы бар, сауаты жоғары адамдар, теоретиктер. Теория ғылыми да, ғылымға сәйкес емес те болады. Мысалы, дін, идеалистік философия, нәсілшілдік, ұлтшылдық сияқты теориялар сондайға жатады.

Қоғамдық сананың түрлері көп:

1. саяси сана
2. құқықтық сана
3. моральдық сана
4. эстетикалық сана
5. діни сана

6. атеистік сана
7. философиялық сана
1. Саяси сана - бұл таптардың, ұлттардың, мемлекеттің түбегейлі мақсаттарын уағыздап қолдайтын қоғамдық ойлар формасы.
2. Құқықтық сана- мемлекет шығаратын заңдардың белгілі бір жүйесі түрінде білінеді.
3. Борыш, ар, ұждан, жақсылық, жамандық, әділеттік деген ұғымдар моральдың негізгі категориялары болып табылады.
4. Діни және атеистік сана. Діндердің ең жоғарғы сатысы таптық қоғамдарда пайда болып, содан бері келе жатқан монотеистік сенім. Оған жататындар: буддизм, христиан, ислам, иудаизм діндері.
5. Дінді жоққа шығаруды атеизм дейді.
6. Философия да қоғамдық сананың түрлеріне жатады. Бұл тұрғыда адамның санасы жан-жақты тереңінен дамыған.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Қоғамдық сана?
- 2 Жеке адамның санасы дегеніміз не?
- 3 Қоғамдық сананың қандай түрлерін білеміз?
- 4 Идеологиялық сананың ерекшелігі неде?

Тақырып №13: Адам болмысы - философия проблемасы ретінде

Жоспар:

- 1. Философия тарихында адам проблемасы.**
- 2. Адам өмір сүруінің табиғи-биологиялық алғышарты.**

Философиядағы адам мәселесінің мәні мен ерекшелігі. Адамның өз табиғатын танып білуге ұмтылуы философиялық ойды дамытудың басты түрткілерінің бірі болып табылады. Философия ежелгі заманнан бастап жалпы адам дегеніміз кім, оның табиғаты, оның мәні қандай екендігін айқындауға ұмтылып келеді.

Адамның өзін-өзі танып білуі – философияның орталық мәселесі. Философияның адамды зерделеуге арнаған тарауы философиялық

антрология деп аталады. Оның ғылыми антрологиядан немесе адамды зерделейтін арнаулы ғылыми пәндер кешенінен бірқатар елеулі айырмашылықтары бар. Заманауи ғылымда мұндай 800-дей пән мен бағыттардың бар екендігін айтуымыз керек.

Философия тарихында адамға берілген анықтамалар көп: - Аристотельдің анықтамасы бойынша Адам - “ қоғамдық хайуан”, басқа хайуандардың адамнан айырмашылығы - оның қоғамнан тысқары жағдайда өмір сүре алмайтындығы. - Орта ғасырдағы католицизм діни философы Фома

Аквинский адамды дене мен жанның бірлігі, хайуан мен періштенің аралығындағы нәрсе деп қарады.

- Неміс философы Фейербахтың айтуынша жеке-дара, жалғыз өзі ғана өмір сүре алатын адамның болуы мүмкін емес. “Менің” болуымның міндетті шарты “сенің” болуың, басқалардың болуы.

Адамның жануарлар дүниесінен бөлініп шығуының негізі –өмір сүру ортасын өз еңбегімен өзгерту, қайта жасау тәсілін, ол үшін еңбек-құралын оның ең жабайы түрінен бастап, бірте-бірте жетілдіру жолын меңгеру қабілетінде болу. Тек еңбек процесінде адамдар бір - бірімен қатынас, байланыс жасаудың, керекті ойларын сөз арқылы бір-біріне жеткізуді үйренеді. Бара-бара адам еңбегі бүкіл материалдық және рухани мәдениет дүниесінің жасаушысы болып шықты. Қоғамдық қатынастар адамның өмір сүруіне қажетті материалдық игіліктерді өндіру тәсілінен туады. Адам дегеніміз - еңбек әрекетімен шұғылдана алатын, әлеуметтік қатынастарға түсетін өзара байланыс жасауға толық қабілеті бар тіршілік иесі деп анықтама беруге болады. Адамның үш түрлі өлшемі бар: биологиялық, психологиялық және әлеуметтік.

Адам барлық әлемнің өзі үшін, адамзат үшін құндылығын мойындайды, оған солай қатынас жасайды, себебі өзін де сол дүниеге барабар, сол дүниеге тепе-тең құнды нәрсе деп қабылдайды. Адам өзінен-өзі бағалы құбылыс болмаса, оны ешбір сыртқы күш бағалы ете алмайды. Басқаша айтсақ, адамның бағалы

не бағасыз болуы оның өзіне ғана байланысты, ол өзі ғана осы қасиетке ие бола алады.

Адамның пайда болуы туралы бірнеше гипотезалар бар, олар:

1. Ч.Дарвиннің эволюциялық концепциясы. Бұл концепция бойынша адам маймылдан пайда болды. Оны дәлелдеген Ф.Энгельс болған. Алдымен еңбек, одан соң бөліп-бөліп айтылған тіл- дейді Ф.Энгельс,- маймылдың миын адам миына айналдырды. Еңбек әсерімен мидың дамуына сәйкес адамның сезім мүшелері:көзі, сезімі, қолы еңбек етуге бейімделеді, дамиды.
2. Діни гипотезалар. Христиан дінінде (Библия), ислам дінінде (Құран) адамды құдай жаратты деп жазылған. Библияда құдай Адамды топырақтан жаратты, оның қабырғасынан Еваны жаратқан. Құранда Аллах аспанды, жерді, адамды жаратты.
3. Ғарыштық гипотеза – адам басқа планетадан келді. Оның дәлелі: ертедегі цивилизациялар, мысалы – Египет, Қытай; француз философы Тейяр де Шарден осы көзқарасты дәлелдеген.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Адам болмысы түсінігі?
- 2 Жеке адамның болмысы дегеніміз не?
- 3 Қоғамда адам болмысына қандай көзқарастар орын алды?
- 4 Адам пайда болуы туралы қандай теориялар бар?

Тақырып №14: Жеке тұлғалық. Бостандығы және жауапкершілігі».

Жоспар:

- 1 «Дара», «тұлға», «даралық» түсініктерінің мазмұны.
- 2 Қоғамдық қатынастардың объекті мен субъекті ретіндегі даралық және оның әлеуметтік ролдері.

Адам текті ұғым болып табылады, сондықтан адамзат тегіне қатысты барлық белгілер бейнеленеді. Бірақ мұндай көзқарас адам мәнін анықтау үшін жеткіліксіз.

Адамның сапалық сипаттамасын беру мақсатында «индивид», тұлға (кісі), индивидуалдық (даралық) сияқты ұғымдар қолданылады. Адам адамзат

тегінің жекелеген өкілі ретінде «индивид» түрінде қарастырылады, латын сөзі «бөлінбейтін», «тұтас», «өзіндік» деген мағына береді екен. «Индивид» (дара адам, жеке адам).

«Индивидуалдық» ұғымы «индивид» түсінігімен тығыз байланысты. Оны индивидпен байланыстыратыны- олардың негізі биологиялық, табиғи екендігі болып табылады. Индивидаулдық күрделірек және жан-жақты болады. Индивидуалдық ең алдымен адамның табиғи және психикалық қасиеттерінен, нақтылап айтқанда, оның жадынан, темпераментінен, мінез-құлқынан, эмоционалдылығынан көрінеді. Индивидуалдық белгілер адамның саналы әрекеттерінен де, оның пікірінен, қылығынан, мәдени қажеттіліктерінен де байқалады.

«Личность» -кісі, тұлға. Есейіп, ер жетіп, өз бетінше әрекет ете алатын адамды ғана кісі, не тұлға деуге болады. Мінез құлқы, қабілеті бірсыдырғы қалыптасып үлгерген, өзінің іс-әрекетін тізгіндей білетін, өз бойындағы жаман-жақсы қылықтары үшін жауап бере алатын адамды да кісі, не тұлға дейміз.

Жеке адам, тұлға қоғамнан (отбасы, ұжым, т.б.) тыс өмір сүре алмайды. Өйткені, оның жан дүниесі тек айналасындағылармен қарым-қатынас жасау үстінде, тәлім-тәрбие, оқу, іздену, іске талаптану арқылы әркез белгілі мазмұнға ие болып отырады. Оның айналысатын іс-әрекеті мен бүкіл тыныс-тіршілігіне, ұстанған бағытына әсер ететін түрткілер көп. Солардың бастылары: қажет пен қызығу, таным мен сенім, мұрат пен талғам, мақсат пен мүдде, т.б.

Адам - өз болмысының субъектісі. Субъект болу әрбір жеке адамның өз іс-әрекетіне, сыртқы дүниеге, басқа адамдарға әрі өзіне қатынасына өзі ие, оны ол өзі жасап, өзі реттеп әрі өзі тыя алады дегенді білдіреді. Сонымен бірге ол өзінің жан әлемінде де, өзінің психикалық қызметіне де белгілі бір дәрежеде ие, олар үшін ол жауап бере алуы тиіс. Әрбір адамда мәнділіктің өзгеше болып, оны өзінше түсінуі, бірақ, жалпы объективтік мәнділіктің болуын жоққа шығармайды. Оны мәнділіктің ақиқаты деп атауға болады.

Адамзаттың сан ғасырлық тарихында адамгершілік пен имандылықтың ұлы қозғаушы күші – сенім. Сенім жоғалған жерде адамға тән тіршіліктің мәні де шамалы. Сенім адамға бірден келмейді, ол өмір көріністерін топшылау, салыстыру, тіршілік тәжірибесін жинақтап, соны қорыту арқылы, яғни әрбір құбылысты «жеті рет өлшеп, бір рет пішу» дегендей, сын тезінен өткізіп, терең де, тиянақты білім негізінде пайда болады. Сенім – адамның ерік-жігер, қажыр-қайратының қандай екенін көрсететін, сезімді қозғайтын, өмір суру мақсатына айналған өміршең білім. Сенім дүниетанымға (табиғат, адам, қоғам құбылыстары туралы білімдер жүйесі) негізделеді.

Еркіндік – адамның о бастан ешбір сыртқы себептілікпен, жағдайлармен, ешбір сыртқы күштермен әрі өзін қоршаған ортамен алдын ала анықталмағандығы. Адам өзін өзі жасайды, адамға еркі болу соншалықты ауыр жүк, ол оған барлық жауапкершілікті артады.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Дара түсінігі?
- 2 Адам бостандығы дегеніміз не?
- 3 Адам жауапкершілігінің ерекшеліктері?
- 4 Қоғамдық қатынастарда объекті мен субъекті қандай байланыста?
- 5 Даралық қандай рольді әлеуметтік салада атқарады?

Тақырып №15: Адамзаттың болашағы.

Жоспар:

1 Адамзат болашағы.

2 Футурология ғылымы

Болашақты болжау, не оны білуге тырысу адам баласының ежелгі арманы. Ертеңгі күнім қандай, мені не күтіп тұр деп ойламайтын адам дүниеде жоқ. Табиғаттың, қоғамның заңдылықтарын түсінбеген кезде, адамдар әр нәрсеге сыйынуға мәжбүр етті. Ондай қиын кезеңдерде түрлі құмалақшылар, астрологтар не «көріпкелдер» көбейеді.

Социологтар жақын уақытты болжап, үкіметке кім келеді, оның саясаты қандай болмақ деген сұрауларға елдің пікірін аулап, болжам айтады, кейде сол болжам арқылы елді өзінің болжамына қарай икемдеп, итермелейді.

Ал алыс болашақты болжау үшін футурология (болашақ, сөз, ілім) қолданылады. Қазіргі ғылымда болашақты болжаудың бірнеше әдістері қолданулыда.

Оған жататындар экстраполяция (латынша- extra- сырттай, жоғары, poli- өзгерту, бастау).

Экстраполяция - бір нәрсенің құбылысына қарап басқа нәрсені болжау, оның келешегін, даму жолын кесіп айту. Бұл әдіс көбінесе талдауда, диагноз жасауда қолданылады. Мысалы, біз тәуелсіз мемлекет болып, даму жолын таңдағанда осы әдісті пайдаланып, әртүрлі экономикалық моделдерді салыстырдық. Дәл осы әдіске жақын тұрған тарихи аналогия әдісі.

Тарихи аналогия - грек тілінен-сәйкестік, ұқсастық деген сөздерден алынған. Бұл әдіс бойынша белгілі бір зерттелген, әбден анықталған құбылыстардың қасиетін, ұқсастығын негізге ала отырып, басқа зерттелмеген құбылыстарды болжайды.

Компьютерлік модельдеу-объектіні белгілі үлгіге түсіріп, сол үлгіні зерттеу арқылы болар істі түсіну. Модель (француз және латын тілінен аударғанда өлшем, үлгі, мөлшер деген ұғымдардан туындаған) белгілі әлеуметтік арнайы жасалған құбылыстар. Белгілі бір модельсіз болашақты түсіну, оған ұмтылу, не басқа болжамға келу өте қиын. Модель біздің болашақ жөніндегі ойымызды нақтылайды, оның суреттерін, жобаларын, көкжиегін белгілейді.

Осы айтылған ғылыми әдістердің бәрінің басын біріктіретін жаңа ғылыми прогностика дүниеге келді.

Оның ілгері дамуына электрондық еспетеу техникасын қолданудың маңызы өте зор. Бұл техника шұғыл мерзім ішінде ғажап фактілерді, цифрларды реттеп, есепке салып, тиісті қорытынды шығарып, даму бағытын пайымдайды, қажетті тұжырым жасайды.

Болашақта адамзат өркениетінің дамуы қандай болмасын, мейлі ол ғарыштық дәуір, компьютерлік немесе ақпараттық және т.б. болсын, мұның бәрі адам үшін, адамның игілігі үшін жасалып жатқандығын ескеруіміз қажет.

Қазір бүкіл адамзат алдында бұрын болмаған ауқымды, *бүкіләлемдік* проблемалар қойылуда. Олардың ішінде бейбітшілік пен қарусыздану, қоғамдық және әлеуметтік даму, кейбір мемлекет пен аймақтардың артта қалуын жою, ғылыми-техникалық алға басу, халық ағарту және мәдениет проблемалары, халық санының өсуі, денсаулық сақтау, адамның жаңа биологиялық, әлеуметтік жағдайларға үйренуі, қор мен энергетика, азық-түлік пен табиғат және т.б. күрделі мәселелер бар.

Осы проблемалардың бәрі адамзаттың қазіргі жағдайына, болашағына зор әсер етуде.

Әлем өзінің байлығымен және алуантүрлілігімен ерекшеленеді. Әлемді рухани-практикалық игеру үдерісі барысында адам болмысты өз құндылықтары арқылы қарастырады.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Адамзат болашағы –әлемдік проблема ретінде?
- 2 Адам бостандығы дегеніміз не?
- 3 Экстраполяция түсінігі?
- 4 Футурологияның басты мақсаты неде?
- 5 Адамзаттың болашағы бар ма?

Тақырып №16: Философияның адамгершілік мәселелері

Жоспар:

1 Адамгершілік.

2 Адамгершілікке жататын түсініктер?

Адамгершілік мәдениет адамзат қоғамының даму тарихы арқылы қалыптасады, әрбір дәуірдің өзіндік қайшылықтарымен біте қайнасып, жетіледі. Сондықтан да адамгершіліктің мәнін абстрактылы түрде қарап, оны адамдардың табиғатымен, биологиялық ерекшеліктерімен ғана байланыстыруға болмайды.

Адамзат тарихында адамгершілікке байланысты пайда болған категорияларға мыналар жатады: жомарттық, батырлық, ерлік, әділдік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық, ұяттылық, ар мен намыс, тағы басқалары.

Адамның адамгершілігі — оның жоғары қасиеті, былайша айтсақ, кісілігі. Оның негізгі белгілерінің бірі — адамдық ар — намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға ұмтылу, соған дайын болу, “Өзің үшін еңбек кылсаң, — дейді Абай, — өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың. Досыңа достық- қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол”. Ақылды, мейірімді адам кез- келген уақытта өзгенің жақсылығын бағалағыш болып келеді. Арлы адам- ардақты. Біздің ортамызда осы сапаларды бойына сіңіріп қана қоймай, өзін қоршаған ортаға таратушы, осындай өз сапаларымен жас ұрпақты тәрбиелеуші ұстаздар аз емес. Адамгершілігі мол адам — басқаларға қашан да үлгі-өнеге. Әр адамның бойында жастайынан мынадай қасиеттер қалыптасуы керек. Олар:Отансүйгіштік.

Қазақ елі – біздің Отанымыз, атамекеніміз. Оны қастерлеп, қадірлеп қадір тұтқан адам ғана есейе келе туған халқы мен ел-жұртын, атамекенін шын көңілімен сүйетін болады. Өйткені халқымыз “Отан – от басынан басталады” деп бекерге айтпаған.

Әдептілік.

Бұл халқымыздың ұлттық психологиясының өзегі, имандылық пен адамгершіліктің басты белгісі, оның ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық санасының практикалық көрінісі, барлық кісілік қасиеттердің жиынтығы. Бауырмалдық.

Халқымыздың бауырмалдығы “Бала бауыр еттен жаралған” деп, оны ерекше қастерлеп, әлпештеуден бастаған. Осы туралы қасиетті кітап: ешбір адам баласы жат емес, барлық адамзат баласы бір-біріне дос, бауыр дейді. Олай болса оқушыларды бастауыш сатыдан бастап бауырмалдық қасиетке баулуымыз қажет.

“Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз білім- адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі”- деп Әл- Фараби айтқандай, педагогика ғылымы зерттейтін негізгі категорияларының бірі- тәрбие.

Еңбекке тәрбиелеу, патриоттық тәрбие, эстетикалық тәрбие, адамгершілік тәрбиесі, экологиялық тәрбие, дене тәрбиесі. Осы барлық тәрбиенің өзегі- адамгершілік тәрбиесі, бірақ ол жападан жалғыз әрекет етпейді, ол осы аталған тәрбие түрлерімен бірлікте, демек адамгершілікпен қоса барлық тәрбие түрлерімен біріге келе адамгершілік мәдениеті мен сапалары қалыптасады. Адамгершілік сапаларын индивидтің өзі анықтап, адамгершілік ұстанымын да өзі қалыптастырады.

Ата-бабаларымыз өздерінің сан ғасырлар бойғы ұлы тарихында жас ұрпаққа тәрбие берудің бай тәжірибесін жинақтап, өзіндік салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүр рәсімдерін қалыптастырған.

Бақылау сұрақтары:

- 1 Адамгершілік дегеніміз не?
- 2 Адамгершілік қасиеттеріне нені жатқызуға болады?
- 3 Адамгершілік қасиеттерін жоғалып кетсек не болады?
- 4 Қайырымдылық адам қасиеттеріне жата ма?

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Тұрғанбаев, Философия. Алматы, 2004
2. Кішібеков, Философия. Алматы, 1994
3. Ғабитов, Философия. Алматы, 2000
4. Нұрышева, Философия тарихы. Алматы, 2005

Қосымша :

1. А.А.Радугин, Философия. Курс лекции. Москва, 2000
2. Мир философии. Часть 1,2. Москва, 1991
3. Ж.К.Каракозова, Казахская культура и символ. Алматы, 1997